

XFTAP 11.25.07

Г.К.Курпебаева

Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері
университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: gaziza-k@mail.ru)

Солтүстік Африка мен Таяу Шығыстағы «араб көктемін» концептуалды талдау

Андатпа. Бұл ғылыми мақалада Солтүстік Африка және Таяу Шығыс елдеріндегі «араб көктемін» құбылысына салыстырмалы түрде концептуалды талдау жасалынады. Араб әлеміндегі болған жағдайға қатысты зерттеулер бірнеше көзқарастарға топталады. Әр көзқарастардың өзіндік дәлелдемелері мен түсініктері бар. Осы барлық көзқарастарды зерттей отыра біз автохонды және жүйелі дағдарыс теориясын ұстанамыз, себебі Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы көтерілістердің (революцияның, азаматтық соғыстың, бұқаралық наразылықтың) себептеріне кешенді түрде елдегі ішкі саяси, әлеуметтік, экономикалық қарама-қайшылық жатады деп есептейміз. Барлық зерттеу материалдарын талдай отырып, «араб көктеміне» анықтама береміз. Біздің ойымызша елдегі ішкі саяси жағдайға түп тамырымен өзгеруіне алып келген сыртқы факторларды ескереміз.

Түйін сөздер: «Араб көктемі», «түрлі-түсті» революция, Таяу Шығыс, Солтүстік Африка, халықаралық қатынастар, мұсылмандық фундаменталистік күштер.

DOI: <https://doi.org/10.32523/26-16-6887/2019-128-3-40-49>

Кіріспе. 2011-2012 жылдардағы Таяу Шығыстағы «араб көктемін» көптеген отандық және шетел зерттеушілері үшін күтпеген тосын жағдай болды. Революция туралы шыққан алғашқы мәліметтер мен оған берген болжамдық бағалар өзара бір-бірімен қайшы келіп жатты. Бұл аймақ туралы алғашқы ғылыми көзқарастар, монографиялар 2012-2013 жылдары шыға бастады. Ғалымдар өздерінің зерттеулерінде «араб көктемін» түсінігіне әртүрлі анықтамалар берді. Мақаланың мақсаты – осы анықтамаларды зерттей отырып, «араб көктеміне» анықтама ұсыну болып табылады.

Зерттеу әдістері. Мақаланы жазу барысында концептуалды талдау, салыстырмалы саяси талдау және хронологиялық талдау әдістері қолданылады.

Нәтижелер мен талқылаулар. Араб әлемінде болған жағдайға сараптамашылар революция, бунт, саяси цунами, көтеріліс, төңкеріліс, «фейсбук» жастарының қозғалысы, тіпті азаматтық соғыс деген мінездеме берді [1]. Осындай алуан түрлі түсініктемелердің берілуі себебі жағдайдың қарама-қайшылықты болмысын түсіндіреді. Е. Становскийдің айтуынша, бұл термин ХХ ғасырдың 60-шы жылдарына, Шығыс Еуропаның коммунистік режиміне қарсы шыққан толқындар кезеңіне арналған деп түсіндіреді. Сол кездегі болған жағдай бүгінгі араб шындығына сәйкес келмейтіндігін түсіндіріп өтеді.

Танымал саясаткер, шығыстанушы Е.М.Примаков «араб көктемін» стихиялы түрде 2011 жылы Таяу Шығысқа қарсы бағытталған революция толқынына теңеді [2]. Профессор, саяси ғылымдарының докторы Н.А. Комлева «араб көктемін» 2011 жылы Солтүстік Африка мен Таяу Шығыс елдеріндегі толқынды саяси өзгерістер жиынтығы деп баға береді [3]. Француз шығыстанушысы Ф. Бюрга «араб көктемін» 2011 жылы Тунистан бастау алған араб әлеміндегі халық көтерілісінің сериясы деп атап өтеді. Ал электронды Википедиядағы сөздікке жүгінсек, «араб көктемін» - 2011 жылы 18 желтоқсанда араб әлемінде бастау алған

демонстрация толқыны [4]. Төңкерістер Тунисте, Египетте, Йеменде басталды, Ливиядағы азаматтық соғыс режимінің құлауына алып келді. Сирияда әлі жалғасуда, Бахрейнде азаматтық көтеріліс, Алжир, Ирак, Йордания, Марокко, Омандағы бұқаралық наразылық, Кувейт, Ливан, Мавритания, Сауд Арабия, Судан, Батыс Сахарада Джибутиде бәсеңдеу болды. 2011 жылы май айында Израиль территориясында да қақтығыстарда осы араб көктемі әсерінен болған [5,97 б.].

«Араб көктеміне» әсер еткен сыртқы факторлар болса да, ғылыми арнада ішкі дамудың қорытындысы деп қарастырады. Кейбір авторлар революция алдын ала сценарийін мемлекеттік емес құқық қорғаушы ұйымдар арқылы Батыс, соның ішінде Америка ұйымдастырған деген тұжырымдама береді. Көптеген шығыстанушы мамандар мен зерттеушілер мемлекет-ұлт гомогенді субстанция болып табылады, ол ұлттық мүдде тұрғысынан саясаттың себепкері болып негізделеді деген саяси реализм парадигмасын ұстанады. Араб көтерілістеріне дейін Таяу Шығыс әртекті қауіпсіздік жүйесі ретінде көрінді [6, 319 б.]. Араб революциясы бүкіл саяси тәртіпке әсер ететін аймақтың көптеген мемлекеттеріндегі наразылық пен саяси өзгерістердің ішкі динамикасын ашты.

Араб көктемін оның себептері мен қозғаушы күштерін зерттеуде бірнеше көзқарастарды талдап өтелік.

Біріншіден, шартты түрде автохонды деп атап өтейік, себебі араб әлеміндегі бірнеше жылдар бойы жиналған ішкі саяси-әлеуметтік мәселелері билеуші режимге қарсы бұқараның наразылығына алып келді. Көптеген халықаралық қатынастарды зерттеуші мамандар осы тұжырыммен келіседі. В. Наумкин, А. Аксененок, И. Звягельская, В. Кузнецов еңбектерінде Таяу Шығыстағы болған жағдайға берден-бір себеп болған ол елдердегі бірнеше жылдар бойы шешілмей келген саяси-әлеуметтік қайшылықтар, аккумуляциялық түрткі болып, жана генерациялық факторға айналды деп көрсетеді. Көтерілістің ішкі себептері болғаны туралы Б.В. Долгов, А.А. Быстров, И.С. Бергтің еңбектерінде жазылады. А.В. Коратаев әлеуметтік дүмпудің бірден бір себебі ол аймақтағы экономикалық және демографиялық жағдай деп атап өтеді.

Саясаткер және шығыстанушы Е.М. Примаковтың айтуынша, «араб көктемін» АҚШ мен оның одақтастары емес деп атап өтеді. Египет пен Тунистің президенттері Бен Али мен Хосни Мубарак Вашингтон, НАТО елдеріне ұнамауы мүмкін емес еді, бірақ режимнің жемқорлығы, олардың авторитарлық болмысы, бостандықтың болмауы, жұмыссыздық, соның ішінде жастар арасындағы жалғыз диктаттың билігі-осының барлығы революциялық толқынға алып келді [7]. Бұл көзқарасты Федосеев те ұстанады, оның айтуынша, тек іштегі болған жағдай ғана араб аймағындағы халық көтерілісінің механизмінің басталуының бірден бір себебі болды деп көрсетеді [8].

Le Monde diplomatique журналының бас редакторы, Араб экономистерінің Клубының Президенті 2011 жылғы жағдай ішкі әлеуметтік-экономикалық себептер, сыртқы миграция және күрделі демографиялық факторлардың, ішкі және сыртқы процестердің қиындығынан туындады деп пайымдады. Бұл жағдай әлемдік геостратегиялық мүдделер мен әлемдік жаңа күштердің келуіне алып келді.

«Шарк Аль Аусат» газетінің шолушысы Басем аль Джаср Таяу Шығыстағы революцияны таласқан ішкі және этникалық проблемалардан туындаған деп түсіндіреді. Таяу Шығысты зерттейтін Франция халықаралық қатынастар институтының кеңесшісі Денис Бошар әлеуметтік жарылыстың ішкі себептері туралы былай жазады: «ұзақ уақыт бойы Египет қиын әлеуметтік проблемаларға төтеп бере алмай келеді, елдегі экономикалық даму демографиялық өсімнің артынан ілесе алмады, елдегі тұрғылықты халықтың 40 пайызы күніне 2 АҚШ долларға ғана табыс тапты, осы себептердің барлығы шынымен әлеуметтік жарылысқа алып келді» [9].

Революция құбылысын зерттеудің екінші көзқарастар жинағын конспирологиялық

деп атауға болады. Бұл көзқарасты жақтаушылар революцияның болу себебін сыртқы әсер еткен күштерден іздейді, соның ішінде осы аймақта өзінің басымдылығын іске асыруға талпынған АҚШ-нан көреді. Осындай пікірді Таяу Шығыстағы элита өкілдерінің араб интеллигенция арасынан, сонымен қатар ресми ірі халықаралық саяси акторлардың өкілдерінен кездестіруге болады. Олардың айтуынша, АҚШ осы аймақта толығымен бақылау орнатқысы келетіндігін айтады. Осы көзқарасты жақтаушылардың пікірінше «... революция өздігінен болмады, оны түрлі-түсті революция технологиясы бойынша алдын ала сценарийін құрып жасаған. Араб аймағындағы революция артында мықты кәсіби мамандандырылған саяси технологтардың орталығы тұр» - дейді шығыстанушы В. Матузов.

Коновалов «Батыс Таяу Шығыстың табиғи ресурстарына толық бақылау орнатпайынша дағдарыстан шығуы мүмкін емес дейді, сондықтанда ол Таяу Шығыста деинтеграция орнатып отыр» -дейді [10].

Конспирологиялық көзқарастың ендігі бір нұсқасы бойынша, революциялық жағдайды шетелден басқарып отырды, оны жасап отырған американдықтар, ол посткеңестік территориясында болған «түрлі-түсті» революциялардың жалғасы деп түсіндіреді. С. Кулагиннің айтуы бойынша: «Тунис, Египет, Иордания, Йемен, Сирияда адамдар алаңға бір мезетте, бір уақытта бірдей шығуы мүмкін емес. Мыңдаған білімді араб жастарын американдық «кукловодтар (қуыршақ жасаушылар) манипуляция жасап отырды. Сол баяғы З.Безжинскийдің ізі байқалады, ол баяғыдан бері АҚШ-ның радикалды исламымен тығыз серіктестігі деп аталатын жобамен жұмыс жасаған. Әрине АҚШ-ның жария дипломатиясының коммуникациялық желісі араб жастарының басым бөлігіне өзінің құндылықтарын таратқанын терістеуге болмайды деп атап өтеді.

Сонымен қатар, Н.Цветкованың да пікіріне назар аударамыз: «... жария дипломатия араб әлемінде революцияны жасау мақсатын қоймады, олар АҚШ-ның жоспарланбаған жария дипломатиясының жемісі мен желідегі қатынастың танымалдығынан болды» - деп көрсетеді[11].

Профессор А.В. Манойло да Араб әлеміндегі болған жағдайды АҚШ-тан көреді. Ол «түрлі-түсті» революцияның авторы американдықтар деп атап өтеді. Таяу Шығыстағы жағдайға ағылшындардың да шаблонды қатысы бар екендігін есепке алады, ал АҚШ-тың әкімшілігінің идеологиясының мөрі революция кезінде жаңа мазмұнға ие болды дейді[12].

Басқа теорияға жүгенсек, барлық наразылық қозғалыстарды ұйымдастырып отырған мұсылмандық фундаменталистік күштер деп түсіндіреді. Бұндай пікірлерді Таяу Шығыс лидерлерінен, соның ішінде М. Каддафи айтқан, ол барлық қантөгістегі жауапкершілікті исламистерге жүктеді. Е. Сатановскийдің айтуынша, барлық осындай революцияның басында қолына калашников автоматын асынған сақалдылардың тұрғанын айтады, басқаша айтқанда, ислам радикалдары қазір жаңа араб әлеміндегі саяси аренада болмаса да болашақта міндетті түрде бұқаралық наразылықтың жеңісін қолданып кетуі мүмкін. Дегенмен, жағдай көрсеткендей исламистердің бастамасын басқа ойыншылар қолданып кетті.

Мәскеудегі араб диаспорасының мүшесі, судандық Елсир Аббастың ойынша, жағдайға қатысты «мұсылман бауырлары» ұйымынан көреді. Батыстың түпкі мақсаты исламды «мұсылмандардың өз қолымен құртуы» деп түсіндіреді.

Кейбір авторлардың еңбектерінде осы екі теория біріктірілген. Кургиняннің пайымдауынша, «исламизм» Батыстың тікелей араласуымен болып жатқан ерекше діни субмәдениет. «Мұсылман бауырлары» ұйымы, оның айтуынша, «Британияның жобасы» [13,168б.]. Ол Каирдегі ислам әлеміне өзінің қолы мен жүрегін ұсынған Б.Обаманы сынға алады. Көптеген сарапшылар Таяу Шығыстағы революцияға АҚШ мен Батыстың тікелей қатысы бар деген пікірді толығымен құптамайды. Тунис, Египеттегі өздеріне ыңғайлы,

ойларынан шығатын лидерлері бар мемлекеттердің позицияларына нұқсан келтіруі ЕО пен АҚШ үшін тиімсіз еді.

Шығыстанушы А.Степановтың айтуынша, Х.Мубарак басқарып тұрған кезде Египет АҚШ-нан 60 млрд доллар көмек алған. АҚШ Х.Мубарактың режимінің құлағанын түсінді, сондықтан да АҚШ дипломатиясы прагматикалық жағынан өзін көрсете бастады, оппозиция арқылы байланысын жақсартты, соның ішінде «Мұсылман бауырлары» ұйымымен де қарым-қатынасын түзей бастады.

Революцияны талдаудағы үшінші көзқарасты экономикалық процестер тұрғысынан қарастырамыз. Бірнеше сараптаушылардың түсіндіруінше, «араб көктемі» әлемдік экономикаға бағдарлап қайтадан құру және экономикада өзінің бәсекелестерін изоляциялау болды.

Көптеген авторлар, соның ішінде марксизм жақтаушылары, Таяу Шығыстағы жаһандық конфронтацияның себептері материалдық байлықтар үшін күрес, яғни экономикалық қақтығыс болып табылады деген пікір білдіреді. Профессор П.Львов «бүгінгі таңда Вашингтон экономикалық дамуды өзара бөлуді көздеп отыр, соның ішінде көмірсутек нарығын, яғни мұнай мен газ. Кімде-кім мұнай газ нарығына бақылау орнатса, сол әлемдік экономиканы өз бақылауына алады, яғни әлемді билейді» - дейді. АҚШ-тың бұл саясаты жеткіліксіз деңгейде тиімсіз болып, енді олар Ресей арқылы өзіне тиеселі бөлшегін алуға тырысып, олар үшін Украина тек формалды саяси себеп болды, оның артында АҚШ-ның Ресейге қарсы экономикалық санкциясы жатты, ал негізі ұрыстың алаңы Таяу Шығыс болды [14]. Ливияны бомбылау демократияны орнату емес, сол жерлерде көмірсутегі үшін күрес болды. Сирия Катардан Сауд Арабиясы арқылы магистралды газ құбырын өткізу және Иорданияны Жерорта теңізі САР жағалауына дейін, одан Оңтүстік Европаға, «Оңтүстік ағыны» жобасын тоқтатуы Европаға газ жүргізу жолын өз бақылауына алу болды. Профессор М.М. Мусиннің пікірінше, Сирияда болып жатқан жағдай ірі газ ойыны. АҚШ-ның түпкі ойы - Ресейді тізерлету, Ресейдің мұнай-газ экспортына блокада ұйымдастыру. Ресей энергетикалық нарығы бітпейтін алып емес, оны жоғалтып алу әбден мүмкін, себебі әлемдегі ең бай газ кен орындары Катар мен Иранмен шекараласып жатыр. Жақын арада бұл газды игеруде эмбаргоны алып тастайды, сол кезде оның өзіндік құны өте төмендейді, ол Ресейдің бәсекеге қабілеттілігін төмендетуі әбден мүмкін деп ойымен бөліседі [15, 131 б.]. Егер Сирия жеңіске жетсе, газды тарату жүйесін жаңа тәртіп орнату мүмкіндігіне иеленеді. Ал егер Сирия жеңілсе, ол арқылы Жерорта теңізі жағалауы бойлай мұнай-газ құбыры жүреді, ол Ресейдің энергетика тарату нарығына апат әкеліп, Оңтүстік Европа бағытына ауыстырады.

Т. Рамадан «Араб көктемі туралы шындық» кітабында АҚШ әлемдік экономикалық орталық және сан жетпес қаржылай мүмкіндігіне ие бола отырып, ол осы аймақтың барлық мүмкіндігін өзінің сыртқы саяси мақсаты үшін пайдаланады. Саяси реализмнің өкілі Г. Киссенджер өзінің «Әлемдік тәртіп» деп аталатын кітабында жазып көрсеткендей, Таяу Шығыстағы дағдарыстың көзі халықаралық терроризм мен энергетикалық нарықты бөлу болып табылады деген идея толықтырады.

Геосаясатты зерттеуші ғалымдарда осы пікірді толықтырады, мысалы, Н.А. Комлева «араб көктемінің» мақсатын: Евразиядағы ресурстарға бақылау орнату, Ресей және оның ТҰК иелігінен толығымен ығыстыру; «Араб көктемінің» геосаяси жалғасы «түрлі-түсті» революция түрінде –Закавказье, Орталық Азия, Ресейде және Қытайда болуы әбден мүмкін; Қытай мен Үнді елдерін үлкен держава ретінде олардың дамуын тежеу; оларға қарсы күштер ретінде АҚШ, Жапония және ЕО елдерін маңызды төтеп бере алатын күштер орталығы ретінде қарастырады [16].

Профессор В.В. Наумкин араб көктемін аймақтық деңгейде халықаралық қатынастар жүйесін өзгерткен бифуркациялық бір нүктесі ретінде қарастырады. «Араб көктемі», оның

айтуынша, халықаралық қатынастарды өзгерткен үшінші дағдарыс. Бірінші дағдарыс, 1990-1991 жылдарда биполярлы әлем құлаған кезде, коалиция күштерінің «Құмды дауыл» операциясы, халықаралық проблемаларды шешудегі күштерді қолдану реабилитациясы болды, екінші араб дағдарысы 2003 жылы Джорж Кеннанның концепциясын Иэн Шапироның ұсынысымен «агрессивті унилатериализм доктринасына» ауыстырды. «Үшінші толқын «араб көктемімен байланысты» Тунис, Египет, Ливиядағы булыққан жастардың лидерлердің биліктен кетуін талап етуі. Сараптамашылардың айтуынша, әлемдік құрылыстың көпполярлығына алып келді. Оған дәлел ретінде мемлекеттің бұл жағдайларға байланысты ұстанымдары болды. «Үшінші толқынды дағдарыс» кезінде жаһандық тұрғыда әсер етуші топтар мен аймақтық акторлар пайда болды. Оған БРИК елдері, Оңтүстік Африка, НАТО елдері, Германия, Түркия және т.б. жатады. Кейбіреулері «ұшпау зонасы» жобасын құптамады, бірақ кедергі келтірмеді, коалиция күштері 1973 жылғы БҰҰ ҚК Резолюция шегінен асып кеткен жағдайда қатты сынап тастап отырды. Ол жобаға балама ретінде Африка мемлекеттерінің ұйымын ұсынды. В.В.Наумкин қорытындылай келе, «араб көктемі» ХХ ғасырдағы соғыстан кейінгі кезеңдегі әлемдік дамудың бүкіл бағыты деп көрсетеді. В.В. Наумкинмен А. Аксененок, И. Звезгельски, В. Кузнецов келіседі, барлық аймақтағы революция болған елдер дәстүрлі авторитарлы саяси жүйеден әлі де өздеріне белгісіз жүйеге өту кезеңінде екендерін, бұрынғы зайырлы және діни құндылықтар қайтадан қарастырылып, жаңа ұлттық бірегейленуді іздестіру бағытында екенін айтады [17].

К.М. Труевцев те осы көзқарасты құптай келіп, қазіргі кезде авторитаризмнің маңызды функцияларын жоғалтып келе жатқанын айтады. Индустриалды қоғам шындығы жаңа саяси құрылымды қажет етеді. Бұл процесті іске асыруда жаһандану маңызды рөл атқарады, авторитарлы мемлекеттердің халқының көбі, соның ішінде саяси белсенді бөлшегі елдегі бұрынғы тәртіпті қолдамай, оны демократия бағытында өзгертуді сұрайды. Ол осындай авторитаризм дағдарысының кезеңдерін Латын Америкасы, Оңтүстік Корея, Тайвань, Филиппин, Индонезия елдері басынан кешірді, ал ендігі кезең араб елдеріне де келді деген көзқарасын білдіреді [18].

Л.Е. Гринин қазір біз Әлем-Жүйелер арнасында жаңа құрылымдық шешімдерді ізденіс үстіндеміз, ал араб әлеміндегі 2011-2012 жылдардағы революциялар салыстырмалы түрде қарастырғанда динамикалы дамып жатқан елдерде болған әлемдегі жаңа құрылымдық өзгерістердің бастауы болып табылады деген ойымен бөліседі. Гринин бұл процесті әлемнің қайтадан конфигурациялануы дейді. Бұл қайтадан конфигурациялануының негізгі бағыттарын бұрынғы Әлем Күштерінің орталығынан АҚШ пен Батыстың әлсіреуі, бір мезетте периферия болып табылатын елдердің позицияларының күшеюі, халықаралық саясат пен экономика дамушы мемлекеттерінің рөлінің көбеюімен түсіндіреді [19].

Профессор В.А. Кутырев Таяу Шығыстағы революция мен терроризмнің себептері Батыстың барлық елдері ұсынып отырған постмодернистік құндылықтарына қарсы жауап ретінде наразылық болды деп көрсетеді [20].

Араб ғалымдарына сүйенетін болсақ, экономиканың салыстырмалы түрде қарқынды дамуы мен жұмыспен қамтамасыз етудің арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуы араб көктемінің елеулі себептерінің бірі болып табылады [21]. Мәселен, жұмыссыздық деңгейінің көрсеткіштері Мысырда 20 пайызға, Иорданияда 10 пайызға, Тунисте 16,4 пайызға артқан. Осыған байланысты араб елдерінде әлеуметтік-экономикалық реформалар жүргізілді, атап айтатын болсақ, айырбас бағамының өзгеруі; мемлекеттік сектор фабрикаларын, банктерді және басқа активтерді жекешелендіру; жеке инвестицияларды ынталандыру үшін тарифтерді қысқарту; және кейбір субсидияларды қысқарту [22]. Батыс ғалымы Стэпанның пікірінше, билік осыған байланысты туындайтын міндеттердің күрделілігін түсінді, бірақ олармен күресуге қабілетсіз болды [23]. Ал, Муэдини, бірқатар елдерде (әсіресе,

Мысыр мен Тунисте) наразылық қозғалысын дамытудың алғашқы кезеңінде ең белсенді күш - жастар болды деп көрсетеді. Олар негізінен білімді, бірақ өздеріне лайықты жұмыс таба алмай, жаңа ақпараттық технологияларды иеленіп, Интернеттің әлеуметтік желілері арқылы топтастырылған жастар. Халықтың бұл тобы наразылық қозғалысына серпін берді [24]. Бұл жерде айта кететін жәйт, соңғы жылдары араб елдерінде ғана емес, басқа елдерде де «жастар тобының» үлесі артып келеді. Демографтар көбінесе бұл құбылысты жастар көтерілісі деп атайды. Тарик Рамадан «Ислам және арабтардың оянуы» еңбегінде, наразылықтардың қозғаушы күші халықтың ең кедей топтары емес, жұмыссыздыққа байланысты өздерінің бұрынғы өмір сүру деңгейін сақтап қалу мүмкіндігін жоғалтқан «орта тап» деп пайымдайды [25, 53 б.].

Қазақстандық саясаттанушы Расул Жумалының айтуынша, бүгінгі таңда араб әлемі бағытынан адасып, шиеленістер орталығына айналып отыр. Араб елдеріндегі экономикалық өсу көрсеткіштері демографиялық көрсеткіштерге сәйкес келмейді. Мәселен, араб бай монархияларын қосқанда, 1980 жылдан бастап араб әлеміндегі жан басына шаққандағы жалпы табыс тек 0,5 пайызға ғана артқан. Бұдан төмен көрсеткіштер тек Африкада ғана байқалды [26, 493 б.]. Тағы бір айта кететін мәселе – бұл араб елдерінің арасындағы өзара сауда-саттық көлемінің төмен болуы – бүкіл сыртқы сауда айналымының 9 пайызынан аспайды. Сонымен қатар, 1960-90 жж. араб түбегінің танымалдығын көтерген мұнай мен газ, бірте-бірте өз стратегиялық маңыздылығын жоғалтуда. Бұл, өз кезегінде, экономикалық өсім қарқынын бәсеңдетіп, болашақта ішкі саяси ахуалдың нашарлауына ықпал ететін факторлардың бірі бола алады.

Араб көктеміндегі оқиғалардың ерекшелігі ақпараттық технологияларды ақпарат беру, азаматтарды жұмылдыру және наразылық топтарын басқарудың маңызды құралы ретінде пайдалану болды. Заң ғылымдарының докторы, Қазақстанның саяси қайраткері Мұхамеджанов келесі ерекшеліктерді атап өтеді: әлеуметтік желілердегі топтар арқылы наразылықтарды ұйымдастыру, болашақта наразылық көтерілістер туралы SMS-хабарламалар арқылы ақпарат тарату, мешіттің қызметкерлері арасында алдағы наразылықтар туралы ақпараттар тарату, жұма намазынан кейін «қаһарлы күндерді» ұйымдастыру, қаланың әртүрлі бөліктеріндегі көтерілісшілер топтарын жинау және олардың кейіннен қалалардың негізгі көшелері мен алаңдарына шоғырлануы, көрнекі үгіт құралдарының болуы (елдердің жоғарғы басшылығының ұрандары мен бейнелері бар баннерлер, Ливияда, бұрынғы режимнің жалауы) [27, 14 б.]. Лаумулин Таяу Шығыс елдерінде болған әлеуметтік дағдарыстың үш маңызды себептерін атап көрсетеді. Бұл себептер: қоғамның әлеуметтік-психологиялық жағдайы, жаһандық экономикалық дағдарыс және шетелдік әсер. Әр елде наразылықтың өз себептері бар. Алайда барлығы үшін бір ортақ себеп - бұл араб әлемінде жаңа ұрпақтың пайда болуы, ол алдыңғы ұрпаққа қарағанда Интернет және әлеуметтік желілерді озық пайдаланушылар, бұл жас ұрпақ өкілдері өздерін елдерінің тағдыры үшін жауапты деп сезінеді [28, 15 б.].

Араб көтерілістерінің негізгі талаптары ішкі бостандықтарға, игілікті басқару мен әлеуметтік әділеттілікке бағытталған, ал сыртқы саясатқа артқы жағынан қолдау көрсетілді. Төңкеріс араб халқының мәртебесін саяси ландшафттағы тиімді және белсенді институттар ретінде өзгертті, легитимділік тәуелділік қатынастарын сақтауға ұмтылған араб диктаторлары мен авторитарлық режимдерді әшкереледі [29]. Биліктің халыққа ауысуы халық үшін - олар өздерінің жұмылдыру, бүлік шығару және ақыр аяғында дауыс беру мүмкіндіктері туралы хабардар екендігін және бұл өз кезегінде араб қоғамдарының күші мен әлеуетін жақсартуға әкелетін өзгерістерге әкелетінін білдірді.

Қорытынды. Барлық зерттеу материалдарын талдай отырып, «араб көктеміне» мынандай анықтама беруге болады: «Араб көктемі» - Таяу Шығыс және Солтүстік Африкадағы 2011-2012 жылдарда болған наразылық көтерілістердің жиынтығы, ол ішкі

саяси, экономикалық, әлеуметтік мәселелердің пісіп жетілуінен, сонымен қатар, Таяу Шығыс мемлекеттерінде сыртқы факторлардың әсерінен билеуші режимнің құлауымен, ал кей мемлекеттерде азаматтық соғысқа ұласып, тіпті кей жерлерде әлі де дүмпулермен сипатталатын құбылыс. Араб көктемі оқиғаларының ерекшелігі ақпараттық технологияларды ақпарат беру, азаматтарды жұмылдыру және наразылық топтарын басқарудың маңызды құралы ретінде пайдалану болды. Араб әлемінде болған революциялық төңкерістердің себептері күрделі болып табылады және бұл себептер саяси, әлеуметтік-экономикалық және геосаяси факторлардың үйлесімі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Наумкин В.В. Снизу вверх и обратно. «Арабская весна» и глобальная международная система // Россия в глобальной политике – 2011. – № 4. – С.32-35.
2. Примаков Е.М. Ближневосточный курс России: исторические этапы, Ближний Восток, Арабское пробуждение и Россия: что дальше?// Сборник статей. – Москва, 2012. – С.59-63
3. Комлева Н.А. «Арабская весна». Геополитический аспект // Геополитика, – 2013. – № 5. – С.160-169.
4. Арабская весна [Электронный ресурс].–2011.–URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/Арабская_весна (дата обращения: 25.10.2018)
5. Badie, V. Nouveaux acteurs, nouvelle donne: l'état du monde 2012. – La Decouverte, 2012. –97р.
6. Eyadat, Z. The Arab Revolutions of 2011: Revolutions of Dignity. Change and Opportunités in the Emerging Mediterranean / S. Calleya. –Malta: Gutenberg Press, 2012. - 319 p.
7. Примаков Е.М. Арабская весна // Безопасность Евразии – 2011.– №2.– С. 7–16.
8. Федосеев А. Арабская весна: доктрина «управляемого хаоса» // Калининградская правда– 2013.– №3.– С. 17-25.
9. Aita S. Le «Printemps arabe» entre défi et enjeux géostratégiques // Conférence France. – Amériques, 2011. –Р.29-36
10. Коновалов А.О. Геополитические интересы России, США и арабских стран на Ближнем Востоке // Клио–2011. – №2. – С.159–165.
11. Цветкова Н.А. Американский фактор в арабских революциях [Электронный ресурс].–2011.–URL: <http://www.rondon.org/polit-110302110715> (дата обращения: 18.11.2018).
12. Манойло А.В. Революции «арабской весны» и сирийский вопрос // Тренды современного политического процесса–2013. –№13. – С.25-30.
13. Кургинян, С.Е. Политическое цунами. Аналитика событий в Северной Африке и на Ближнем Востоке. – М.: ЭТЦ, 2011. –168 с.
14. Львов П. В чем основа нынешнего конфликта на Ближнем Востоке? [Электрондық қор].–2014.–URL: <https://ru.journal-neo.org/2014/11/09/v-chem-osnova-ny-neshnego-konflikta-na-blizhnem-vostoke/> (қаралған күн: 19.12.2018).
15. Мусин, М., Мюрид, Э. Сирия, Ливия. Далее везде! Что будет завтра с нами. – М.: Maxima library, 2015. –131 с.
16. Комлева Н.А. «Арабская весна». Геополитический аспект // Геополитика, – 2013. – № 5. – С.160-169.
17. Наумкин В.В. Снизу вверх и обратно. «Арабская весна» и глобальная международная система // Россия в глобальной политике – 2011. – № 4. – С.32-35.
18. Труевцев К.М. Арабская весна - ход, акторы, технология и промежуточные итоги // Полития– 2012.– № 1. – С.21-32.
19. Гринин Л. Е. Арабские революции и начинающаяся реконфигурация мира //Социология и общество: глобальные вызовы и региональное развитие – 2012.– № 4. – С.76-83.
20. Кутырев В.А. Об идейных основаниях современного терроризма в мире и России // Политика и общество– 2011. – № 5. – С.81-85.
21. Itham Haouas, Edward Sayre, and Mahmoud Yagoubi. Youth Unemployment in Tunisia: Characteristics and

Policy Responses // Topics in Middle Eastern and African Economies -2012.- № 14.- P. 399.

22. Sahar Taghdisi-Rad. Macroeconomic Policies and Employment in Jordan: Tackling the Paradox of Job-Poor Growth // ILO Employment Working Paper -2012.- №118.- P. 3.

23. Stepan A., Linz J.J. Democratization theory and the Arab Spring // Journal of Democracy- 2013.- № 24.- P.15-30.

24. Muedini F. Islam and Democracy in the Context of the Arab Spring // Islam and Muslim Societies: A Social Science Journal – 2012.- №1.-P.5.

25. Ramadan, T. Islam and the Arab Awakening. - Oxford: Oxford University Press, 2012.- 53p

26. Жумалы, Р. Арабский пасьянс. Хроники столетия. – Астана: КИСИ при Президенте РК, 2016. – 493 с.

27. Мухамеджанов, Б. Г., Азизова, З.Т. Технологии арабской весны: власть и оппозиция. – Алматы: ОФ Фонд Первого Президента Республики Казахстан, 2011. – 14 с.

28. Лаумулин, М.Т. Арабская весна 2011 года: социально-политические изменения на Арабском Востоке и их международные последствия. – Алматы: КИСИ, 2011. – 15 с.

29. Totten M. J. Arab Spring or Islamist Winter? // World Affairs Journal – 2012.- №5. – P. 23.

Г.К.Курпебаева

*Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана,
Алматы, Казахстан*

Концептуальный анализ «арабской весны» в Северной Африке и на Ближнем Востоке

Аннотация. В данной статье проведен сравнительный концептуальный анализ «арабской весны» в Северной Африке и на Ближнем Востоке. Исследование ситуации в арабском мире предполагает несколько подходов. Каждый подход имеет свои аргументы и концепции. Рассматривая все эти точки зрения, мы придерживаемся механизма и теории системного кризиса, так как считаем, что причины восстаний на Ближнем Востоке и в Северной Африке (революция, гражданская война, массовые протесты) характеризуются сложными внутренними политическими, социальными и экономическими противоречиями. Анализируя все материалы исследования, мы предлагаем трактовку явления «арабская весна». Также учитываются внешние факторы, которые привели к коренным изменениям внутривосточной ситуации в странах региона.

Ключевые слова: арабская весна, цветная революция, Ближний Восток, Северная Африка, международные отношения, исламский фундаментализм.

G.K.Kurpebayeva

*Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages,
Almaty, Kazakhstan*

Conceptual analysis of the “Arab Spring” in Middle East and North Africa

Abstract. This article presents a comparative conceptual analysis of the “Arab spring” in Middle East and North Africa. A study of the situation in the Arab world suggests several approaches. Each approach has its own arguments and concepts. Considering all these points of view, we adhere to the mechanism and theory of a systemic crisis, because we believe that the causes of the uprisings in the Middle East and North Africa (revolution, civil war, mass protests) are complex in internal political, social and economic contradictions. Analyzing all the research materials, we propose an interpretation of the phenomenon of the “Arab spring”. Also, external factors are taken into account that led to fundamental changes in the internal political situation in the countries of the region.

Keywords: Arab spring, color revolution, Middle East, North Africa, international relations, Islamic fundamentalism.

References

1. Naumkin V.V. Snizu vverkh i obratno. “Arabskaya vesna” i global’naya mezhdunarodnaya sistema [Bottom up and back. “Arab Spring” and the global international system], *Rossiia v global’noy politike* [Russia in Global Policy], 4, 32-35 (2011). [in Russian]
2. Primakov Ye.M. Blizhnevostochnyy kurs Rossii: istoricheskiye etapy, Blizhniy Vostok, Arabskoye probuzhdeniye i Rossiya: chto dal’she? [Russia’s Middle East Course: Historical Stages, the Middle East, the Arab Awakening, and Russia: What’s Next?]. Collection of articles (Moscow, 2012, p.59-63).
3. Komleva N.A. «Arabskaya vesna». Geopoliticheskiy aspekt [“Arab spring”. The geopolitical aspect], *Geopolitika* [Geopolitics], 5, 160-169 (2013).
4. Arabskaya vesna [Arab spring]. Available at: https://ru.wikipedia.org/wiki/Arabskaya_vesna (accessed: 25.10.2018)
5. Badie B. Nouveaux acteurs, nouvelle donne: l’état du monde 2012 [New actors, new deal: the state of the world 2012] (La Decouverte, 2012).
6. Eyadat Z. The Arab Revolutions of 2011: Revolutions of Dignity. Change and Opportunites in the Emerging Mediterranean (Gutenberg Press, Malta, 2012).
7. Primakov Ye.M. Arabskaya vesna [Arab spring], *Bezopasnost’ Yevrazii* [Security of Eurasia], 2, 7–16 (2011).
8. Fedoseyev A. Arabskaya vesna: doktrina «upravlyayemogo khaosa» [Arab Spring: The Doctrine of “Managed Chaos”], *Kaliningradskaya Pravda* [Kaliningrad truth], 3, 17-25 (2013).
9. Aita S. Le «Printemps arabe» entre défi et enjeux géostratégiques [The “Arab Spring” between challenge and geo-strategic challenges]. Conférence France [France Conference]. Amériques, 2011, p. 29-36.
10. Konovalov A.O. Geopoliticheskiye interesy Rossii, SSHA i arabskikh stran na Blizhnem Vostoke [Geopolitical interests of Russia, the United States and Arab countries in the Middle East], *Klio* [Clio], 2, 159–165 (2011).
11. Tsvetkova N.A. Amerikanskiy faktor v arabskikh revolyutsiyakh [The American Factor in the Arab Revolutions]. Available at: <http://www.rodon.org/polit-110302110715> (accessed: 18.11.2018)
12. Manoylo A.V. Revolyutsii «arabskoy vesny» i siriyskiy vopros [The Arab Spring Revolutions and the Syrian Question], *Trendy sovremennogo politicheskogo protsessa* [Trends in the Modern Political Process], 13, 25-30 (2013).
13. Kurginyan S.Ye. Politicheskoye tsunami. Analitika sobytii v Severnoy Afrike i na Blizhnem Vostoke [Political tsunami. Analytics of events in North Africa and the Middle East] (ETC, Moscow, 2011).
14. L’vov P. V chem osnova nyneshnego konflikta na Blizhnem Vostoke? [What is the basis of the current conflict in the Middle East?]. Available at: <https://ru.journal-neo.org/2014/11/09/v-chem-osnova-ny-neshnego-konflikta-na-blizhnem-vostoke/> (accessed: 19.12.2018)
15. Musin M., Myurid E. Siriya, Liviya. Daleye vezde! Chto budet zavtra s nami [Syria, Libya. Further everywhere! What will happen to us tomorrow] (Maxima library, Moscow, 2015).
16. Komleva N.A. «Arabskaya vesna». Geopoliticheskiy aspekt [“Arab spring”. The geopolitical aspect], *Geopolitika* [Geopolitics], 5, 160-169 (2013).
17. Naumkin V.V. Snizu vverkh i obratno. “Arabskaya vesna” i global’naya mezhdunarodnaya sistema [Bottom up and back. “Arab Spring” and the global international system], *Rossiia v global’noy politike* [Russia in Global Policy], 4, 32-35 (2011).
18. Truyevtsev K.M. Arabskaya vesna - khod, aktory, tekhnologiya i promezhutochnyye itogi [Arab Spring - the course, actors, technology and intermediate results], *Politiya* [Polity], 1, 21-32 (2012).
19. Grinin L. Ye. Arabskiye revolyutsii i nachinayushchayasya rekonfiguratsiya mira [Arab Revolutions and the Beginning Reconfiguration of the World], *Sotsiologiya i obshchestvo: global’nyye vyzovy i regional’noye razvitiye* [Sociology and Society: Global Challenges and Regional Development], 4, 76-83 (2012).
20. Kutryev V.A. Ob ideynykh osnovaniyakh sovremennogo terrorizma v mire i Rossii [On the ideological foundations of modern terrorism in the world and Russia], *Politika i obshchestvo* [Politics and Society], 5, 81-85 (2011).
21. Ilham Haouas, Edward Sayre, and Mahmoud Yagoubi. Youth Unemployment in Tunisia: Characteristics and Policy Responses, *Topics in Middle Eastern and African Economies*, 14, 399 (2012).
22. Sahar Taghdisi-Rad. Macroeconomic Policies and Employment in Jordan: Tackling the Paradox of Job-Poor

Growth, ILO Employment Working Paper, 118, 3 (2012).

23. Stepan A., Linz J.J. Democratization theory and the Arab Spring, *Journal of Democracy*, 24, 15-30 (2013).

24. Muedini F. Islam and Democracy in the Context of the Arab Spring, *Islam and Muslim Societies: A Social Science Journal*, 1,5 (2012).

25. Ramadan T. *Islam and the Arab Awakening* (Oxford University Press, Oxford, 2012).

26. Zhumaly R. *Arabskiy pasyans. Khroniki stoletiya* [Arabic Solitaire. Chronicles of the Century] (KISI, Astana, 2016).

27. Mukhamedzhanov B. G., Azizova Z.T. *Tehnologii arabskoy vesny: vlast i oppozitsiya* [Arab Spring Technologies: Power and Opposition] (Fond Pervogo Prezidenta Respubliki Kazakhstan, Almaty, 2011).

28. Laumulin M.T. *Arabskaya vesna 2011 goda: sotsialno-politicheskiye izmeneniya na Arabskom Vostoke i ih mezhdunarodnye posledstviya* [Arab Spring 2011: Socio-Political Changes in the Arab East and Their International Implications] (KISI, Almaty, 2011).

29. Totten M. J. Arab Spring or Islamist Winter?, *World Affairs Journal*, 5, 23 (2012).

Автор туралы мәлімет:

Курпебаева Г. Қ. – Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

Kurpebayeva G.K. – PhD student of Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan.